

УӘДЕ –
ҚҰДАЙ СӨЗІ

ТАНЫМ



▶▶ 4

ҚАЗАҚТЫҢ
БОЙ САҚТАУ
МӘДЕНИЕТІ

ТАҒЫЛЫМ



▶▶ 5

№22 (76)
22.11.2022
СЕЙСЕНБІ

Мұнарға

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ РУХАНИ-ТАНЫМДЫҚ ГАЗЕТИ



БАЙТҰРСЫНҰЛЫНЫҢ «ӘЛІПШЕСІ» – АЛАШ РУХАНИЯТЫНЫҢ УЫЗЫ

Ахмет Байтұрсынұлына бағышталып сонау 1923 жылы М.Әуезовтің аузымен айтылған «Алаштың рухани көсемі» атты дәп табылған анықтама-теңеу бүгінде арада ғасырлық уақыт-шама өтсе де ешкім күмәнданбайтын аксиомаға айналып отыр.



▶▶ 6
БЕТ

Әділ АХМЕТОВ,
мемлекет және қоғам қайраткері:

ТӘРБИЕНІ ТЕЛЕФОНҒА «ТАПСЫРДЫҚ...»



Астана қаласында Қазақстан мұсылмандары діни басқармасы жанындағы Ақсақалдар кеңесінің кезекті мәжілісі өтті. Ақсақалдар институтын жаңғырту, дін мен дәстүрді дәріптеу, жастарды жат ағымның идеологиясынан сақтандыру т.б. мәселелер талқыланған басқосуға кеңес мүшесі, белгілі ғалым, филология ғылымдарының докторы, мемлекет және қоғам қайраткері Әділ Ахметов қатысты. Осы сәтті пайдаланып өңгімеге тартқан едік.

▶▶ 3
БЕТ



АҒАЙЫНДЫ АРАЗ ЕТКЕН АҒЫМДАР

Француз жазушысы Проспер Мерименің (1803-1870) 1829 жылы жарық көрген «IX Карл билігінің шежіресі» романының мағынасы терең. Францияда XVI ғасырда болған оқиғаларды суреттейтін бұл туындыны 2011 жылы аудармашы Ә.Жұмабаев «Қиямет түні» деген атаумен қазақшаға тәржімалап, «Аударма» баспасы басып шығарған болатын. Жазушы аталған шығармада көтерген мәселе әлемнің көптеген елінде, соның ішінде, біздің қоғамда да әлі күнге дейін өзектілігін жойған жоқ.

Кітаптың мазмұны бойынша, әуел баста христиан дінінің протестант тармағын ұстанатын отбасында дүниеге келген Жорж Мержи ержеткен соң, католик сенімін қабылдайды. Сол үшін одан әкесі мүлде бас тартып, ат-құйрығын кесісіп, араласпай кетеді. Жорждың інісі Бернар Мержи өз әулетінің сеніміне бекем болып, протестант бағытынан айнамайды. Ол заманда Францияда діни әркерліктің кесірінен азаматтық соғыс өрті жиі-жиі тұтанатын. Сондай кескілескен бір қанды шайқаста Бернар өзінің туған ағасы Жоржды байқамай өлтіріп алады. Нақтырақ айтқанда, бетті толық жауып тұратын дулыға киген бауырын танымай, атып тастаған еді. Туған ағасын өз қолымен мерт еткеннен кейін Бернардың қалай жан азабын тартып, қайғырып, күніренгені түсінікті шығар...

(Жалғасы 8-бетте)



ИСЛАМ ҚАРЖЫ ЖҮЙЕСІ: АРТЫҚШЫЛЫҒЫ ҚАНДАЙ?

Елімізде Ислам қаржы жүйесі жылдан жылға дамып, жолға қойылып келе жатыр. Қазірдің өзінде Қазақстан территориясында бірнеше банк пен компания жұмыс істейді. Бірақ халық әлі де болса Ислам қаржыландыру принципін дұрыс түсіне бермейді. Сарапшылардың айтуынша, көп адам Ислам банктеріне «тегін қаржы көзі» ретінде қарайды. Бірақ шын мәнінде олай емес. Олардың жұмысы шариғат талаптарына негізделгенімен, түптің түбінде пайда табуды көздейді. Ең бастысы пайыздық үстеме қоспайды.

Мамандардың пайымдауынша, қазір шариғат принциптерімен инвестиция, қаржыландыру жасайтын ұйымдар жұмысына деген қызығушылық әлем бойынша өсе түскен. Қазақстанда Ислам қаржыландыру жүйесінің дамуына «Астана» халықаралық қаржы орталығы

ның өзі мүдделі болып отыр. АХКО Ислам талаптарына негізделген банк, сақтандыру ұйымы және түрлі қорлардың құрылуы үшін қажетті жағдай жасауға дайын. Қазірдің өзінде шариғат талаптарына сай келетін биржалық ноталар АIX-те сатылымға шығарылды. АХКО биржасының

басқарма төрағасы Ренат Бектұровтың айтуынша, ETN (қазақстандық қаржы құралы) құрамына капиталды көбейту бойынша Ислам принциптерін қатаң ұстанатын компания акциялары кіреді.

(Жалғасы 8-бетте)

QR КОД АРҚЫЛЫ ТЫҢДАҢЫЗ!



ҚМДБ Төрағасының орынбасары Ершат қажы Оңғардың «Адам ата» тақырыбындағы дәрісін осы жерден тыңдауға болады.



ҚМДБ Төрағасының орынбасары Сансызбай Құрбанұлының дәрісін тыңдаңыз. Дәріс тақырыбы – «Әс-Сәләм сипаты».



ҚМДБ Уағыз-насихат бөлімінің меңгерушісі Батыржан Мансұровтың «Адам баласы әртүрлі топырақтан жаралған» дәрісін тыңдаңыз.



Әр айдың намаз кестесін осы жерден көрсеніз болады. Мұнда еліміздің барлық қаласындағы намаз кестесі жинақталған.



БАСПАСӨЗ-2023

«МҰНАРА» ГАЗЕТИНЕ 2023 ЖЫЛҒА ЖАЗЫЛУ НАУҚАНЫ БАСТАЛДЫ

ЖАЗЫЛУ ИНДЕКСІ: 64747

Мunara

ЖАЗЫЛУ БАҒАСЫ

	Қала бойынша	Аудан-ауыл бойынша
3 айға	577,80 теңге	603,60 теңге
6 айға	1 155,60 теңге	1 207,20 теңге
12 айға	2 311,20 теңге	2 414,40 теңге

«МҰНАРА» (MUNARA1) ГАЗЕТИНЕ «ҚАЗПОШТА» АҚ-НЫҢ БАРЛЫҚ БӨЛІМШЕЛЕРІ, СОНДАЙ-АҚ ҚМДБ-ҒА ҚАРАСТЫ БАРЛЫҚ МЕШІТЕР АРҚЫЛЫ ЖАЗЫЛУҒА БОЛАДЫ. ГАЗЕТ АЙЫНА 2 РЕТ ШЫҒАДЫ.

АНЫҚТАМА ТЕЛЕФОНДАРЫ:
«ҚАЗПОШТА» АНЫҚТАМА БӨЛІМІ: 8 (7172) 58-02-96
«МҰНАРА» ГАЗЕТИНІҢ РЕДАКЦИЯСЫ: 8 (7172) 99-98-66

